Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

2018-03-01 11:24:58 № 23993

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015-11-30 № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес 2018-03-01 11:24:58 анықталған бұзушылықтарды "Байғанин аудандық тұрғын үй- коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі"мемлекеттік мекемесі, 060140007675, Қарауылкелді а. хабардар етеді.

Заңның 31-бабы 2-тармағына сәйкес Сізге осы хабарламаны оны берген күннен (алғаннан) кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындау қажет.

Мынадай жағдайларда камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалды деп танылады:

- келіскен жағдайда – осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес хабарлама жіберген Комитетке немесе аумақтық бөлімшеге қағаз немесе электрондық тасығышта бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты және қажет болған жағдайда растайтын құжаттарды міндетті түрде ұсына отырып, хабарламада көрсетілген бұзушылықтарды жою;

- келіспеген жағдайда – мемлекеттік аудит объектісінің Заңның 37-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ұсынған қарсылықты қарау нәтижелері бойынша Комитеттің оң қорытындысы.

Қағиданың 14 тармағына сәйкес, мемлекеттік аудит объектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарламаны жіберген Комитеттің аумақтық бөлімшесін бір мезгілде хабардар ете отырып, Ішкі мемлекеттік аудит комитетке хабарлама берілген (алған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес қарсылық жіберуге құқылы.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен қазынашылық органдарда ашық шоттары бойынша, Заңның 32-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектілерінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға, сондай-ақ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабы 3-бөлігіне сәйкес лауазымды тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғады.

Заңның 60-бабына сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы хабарламаға тіркелді.

руководитель Жазетов Галилитдин Мухтарович

2018-03-01 11:24:58 № 23993 хабарламаға қосымша

Хабарламаның №: 2202984-1

Лоттың № 17059761-ОК1

"Байғанин аудандық тұрғын үй- коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі"мемлекеттік мекемесімен мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған «Ақтөбе облысы Байғанин ауданының Қарауылкелді ауылында М.Мәметова көшесі бойындағы автомобиль жолдарды салуға құрылыс-монтаж жұмыстары» бойынша электрондық конкурсының ҚР-ның мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының бұзушылықтарымен өткізілгені анықталды. Конкурсқа қатысуға "Ербол-ЭЛЬ" ЖШС, "ЖКА Строй" ЖШС және "Мерей и К" ЖШС өтінім берген. 2018 жылдың 20 ақпанында №1960559 қорытындылар туралы хаттамасы шыққан. Мемлекеттік сатып алудың қорытындысында жалғыз ғана әлеуетті өнім берушісі қатысуына байланысты өтпеген деп танылған. Тексеру барысында келесілер анықталды: Конкурсты ұйымдастырушы конкурс құжаттамасында әлеуетті өнім берушілерде 2 жыл жұмыс тәжірибесі болуын талап еткен. 1.Конкурстық комиссия қорытындылар туралы хаттамада "Мерей и К" ЖШС-не жұмыс тәжірибесі үшін 2% көлемінде шартты жеңілдік есептеген. Тексеру кезінде әлеуетті өнім беруші аталған жұмысқа сәйкес келуі жағынан 2014 және 2015 жылы 2 келісім шарт негізінде «Строительство внутрипромысловых дорог на м.Кардасын» бойынша жұмыс жасағандығы анықталды. Растаушы құжаттары ретінде атқарылған жұмыстары көрсетілмеген орындалған жұмыстардың және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін орналастырған. Біріншіден, орындалған жұмыстардың актісі ҚР Қаржы министрінің 2015 жылдың 11 желтоқсанындағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 22-2-қосымшасы бойынша 2-В ныснанына сәйкес толтырылмаған және екіншіден, осы растаушы құжаттарында техникалық қиындығы жөнінде мәліметтері көрсетілмеген немесе атқарылған жұмыс бойынша мемлекетттік сараптаманың қорытындысын веб порталға орналастырмаған. Ал бұл аталмыш жұмысқа сәйкес келуін айқындауға мүмкін бермейді. 2.Конкурстық комиссия қорытындылар туралы хаттамада "Ербол-ЭЛЬ" ЖШС-не жұмыс тәжірибесі үшін 1% көлемінде шартты жеңілдік есептеген. Тексеру кезінде әлеуетті өнім беруші аталған жұмысқа сәйкес келуі жағынан 2011 жылы «Строительство автомобильных дорог к убойному цеху ТОО «Жасыл- Кала» в г.Шалкар Шалкарского р- на Актюбинской обл.» бойынша жұмыс жасағандығы анықталды. Растаушы құжаттары ретінде орындалған жұмыстардың қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін орналастырған. Дегенмен, осы растаушы құжаттарында техникалық қиындығы жөнінде мәліметтері көрсетілмеген немесе мемлекетттік сараптаманың қорытындысын веб порталға орналастырылмаған. Ал бұл аталмыш жұмысқа сәйкес келуін айқындауға мүмкін бермейді. Қорытындылай келе, Ақтөбе облысы Байғанин ауданының Қарауылкелді ауылында Солтүстік - 3 көшесі бойында автомобиль жолдарды салуға құрылыс-монтаж жұмыстарына техникалық күрделі, II (қалыпты) деңгейдегі лицензия белгіленген. Ал, аталған өнім берушілерде II деңгейлі техникалық күрделі жұмыс атқарғандығы туралы мәлімет жоқ. Осыған орай, конкурстық комиссия аталған әлеуетті өнім берушілердің шартты жеңілдіктерін қате есептеген және "Мерей и К" ЖШС конкурсқа қатысуға негізсіз өткізілген, себебі жұмыс тәжірибесі талапқа сай 2 жылды құрамайды. Жоғарыда көрсетілген дәлелдемелерге сәйкес бұл мемлекеттік сатып алу әрі қарай осы жағдайда жүзеге асырылуға жатқызылмайды және анықталған бұзушылықтар жойылуға жатады. ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-v «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 18)-бабы 4)-тармағы 1)-тармақшасына, 43)-бабы 19)-тармағына сәйкес уәкілетті орган бақылау объектісіне камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы орындалуы міндетті хабарламаны

жібереді.

Уведомление
об устранении нарушений, выявленных по результатам
камерального контроля

2018-03-01 11:24:58 № 23993

Республиканское государственное учреждение "Департамент внутреннего государственного аудита по Актюбинской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан"

В соответствии с подпунктом 1) пункта 4 статьи 30 Закона Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле» (далее - Закон) и пунктом 11 «Правил проведения камерального контроля, утвержденных Приказом Министра финансов Республики Казахстан от 2015-11-30 № 598 уведомляет Государственное учреждение "Байганинский районный отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог", 060140007675, с.Карауылкелды о нарушениях, выявленных 2018-03-01 11:24:58.

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Закона Вам необходимо исполнить настоящее уведомление в течение десяти рабочих дней со дня, следующего за днем его вручения (получения).

Исполнением уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, признается:

- в случае согласия - устранение нарушений, указанных в уведомлении с обязательным представлением на бумажном или электронном носителе информации об устранении нарушений в Комитет финансового контроля или его территориальное подразделение, направившие уведомление и при необходимости подтверждающих документов;

- в случае несогласия – положительное заключение Комитета финансового контроля по результатам рассмотрения возражения, представленного объектом государственного аудита в соответствии с подпунктом 4) пункта 1 статьи 37 Закона.

В соответствии с пунктом 14 Правил, объект государственного аудита в случае несогласия с нарушениями, указанными в уведомлении вправе направить в Комитет с одновременным извещением территориального подразделения Комитета, направившего уведомление, возражение согласно приложению 3 к Правилам, в течение пяти рабочих дней со дня, следующего за днем вручения (получения) уведомления.

Неисполнение в установленный срок уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, влечет приостановление расходных операций по кодам и счетам объектов государственного аудита, открытых в центральном уполномоченном органе по исполнению бюджета, а также банковским счетам (за исключением корреспондентских) объектов государственного аудита в соответствии с пунктом 1 статьи 32 Закона, а также административную ответственность должностных лиц в соответствии с частью 3 статьи 462 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях».

В соответствии со статьей 60 Закона действия (бездействие) органов государственного аудита и финансового контроля и (или) их должностных лиц могут быть обжалованы в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Приложение с описанием выявленных нарушений прилагается к уведомлению.

руководитель Жазетов Галилитдин Мухтарович

Приложение к уведомлению № 23993

от 2018-03-01 11:24:58

№ объявления: 2202984-1

№ лота 17059761-ОК1

"Байғанин аудандық тұрғын үй- коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі"мемлекеттік мекемесімен мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған «Ақтөбе облысы Байғанин ауданының Қарауылкелді ауылында М.Мәметова көшесі бойындағы автомобиль жолдарды салуға құрылыс-монтаж жұмыстары» бойынша электрондық конкурсының ҚР-ның мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының бұзушылықтарымен өткізілгені анықталды. Конкурсқа қатысуға "Ербол-ЭЛЬ" ЖШС, "ЖКА Строй" ЖШС және "Мерей и К" ЖШС өтінім берген. 2018 жылдың 20 ақпанында №1960559 қорытындылар туралы хаттамасы шыққан. Мемлекеттік сатып алудың қорытындысында жалғыз ғана әлеуетті өнім берушісі қатысуына байланысты өтпеген деп танылған. Тексеру барысында келесілер анықталды: Конкурсты ұйымдастырушы конкурс құжаттамасында әлеуетті өнім берушілерде 2 жыл жұмыс тәжірибесі болуын талап еткен. 1.Конкурстық комиссия қорытындылар туралы хаттамада "Мерей и К" ЖШС-не жұмыс тәжірибесі үшін 2% көлемінде шартты жеңілдік есептеген. Тексеру кезінде әлеуетті өнім беруші аталған жұмысқа сәйкес келуі жағынан 2014 және 2015 жылы 2 келісім шарт негізінде «Строительство внутрипромысловых дорог на м.Кардасын» бойынша жұмыс жасағандығы анықталды. Растаушы құжаттары ретінде атқарылған жұмыстары көрсетілмеген орындалған жұмыстардың және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін орналастырған. Біріншіден, орындалған жұмыстардың актісі ҚР Қаржы министрінің 2015 жылдың 11 желтоқсанындағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 22-2-қосымшасы бойынша 2-В нысанына сәйкес толтырылмаған және екіншіден, осы растаушы құжаттарында техникалық қиындығы жөнінде мәліметтері көрсетілмеген немесе атқарылған жұмыс бойынша мемлекетттік сараптаманың қорытындысын веб порталға орналастырмаған. Ал бұл аталмыш жұмысқа сәйкес келуін айқындауға мүмкін бермейді. 2.Конкурстық комиссия қорытындылар туралы хаттамада "Ербол-ЭЛЬ" ЖШС-не жұмыс тәжірибесі үшін 1% көлемінде шартты жеңілдік есептеген. Тексеру кезінде әлеуетті өнім беруші аталған жұмысқа сәйкес келуі жағынан 2011 жылы «Строительство автомобильных дорог к убойному цеху ТОО «Жасыл- Кала» в г.Шалкар Шалкарского р- на Актюбинской обл.» бойынша жұмыс жасағандығы анықталды. Растаушы құжаттары ретінде орындалған жұмыстардың қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін орналастырған. Дегенмен, осы растаушы құжаттарында техникалық қиындығы жөнінде мәліметтері көрсетілмеген немесе мемлекетттік сараптаманың қорытындысын веб порталға орналастырылмаған. Ал бұл аталмыш жұмысқа сәйкес келуін айқындауға мүмкін бермейді. Қорытындылай келе, Ақтөбе облысы Байғанин ауданының Қарауылкелді ауылында Солтүстік - 3 көшесі бойында автомобиль жолдарды салуға құрылыс-монтаж жұмыстарына техникалық күрделі, II (қалыпты) деңгейдегі лицензия белгіленген. Ал, аталған өнім берушілерде II деңгейлі техникалық күрделі жұмыс атқарғандығы туралы мәлімет жоқ. Осыған орай, конкурстық комиссия аталған әлеуетті өнім берушілердің шартты жеңілдіктерін қате есептеген және "Мерей и К" ЖШС конкурсқа қатысуға негізсіз өткізілген, себебі жұмыс тәжірибесі талапқа сай 2 жылды құрамайды. Жоғарыда көрсетілген дәлелдемелерге сәйкес бұл мемлекеттік сатып алу әрі қарай осы жағдайда жүзеге асырылуға жатқызылмайды және анықталған бұзушылықтар жойылуға жатады. ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-v «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 18)-бабы 4)-тармағы 1)-

тармақшасына, 43)-бабы 19)-тармағына сәйкес уәкілетті орган бақылау объектісіне камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы орындалуы міндетті хабарламаны жібереді.